

**Бақты ауылдық округінің Бақты ауылына карантин режимін енгізе отырып
карантин аймағына ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 571 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 04 қаңтарда N 5-18-139 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Үржар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы N 33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Үржар ауданы әкімдігінің 2012.01.27 N 33 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Бақты ауылдық округінің Бақты ауылында ірі қара малдар арасынан аусыл ауруы пайда болуына байланысты, карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағына ветеринарлық режим белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясының бастығы С. Садвакасовқа осы карантин іс-шаралары талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Үржар ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы М. Ішкібаевқа сауықтыру іс-шараларын өткізуге көмек көрсету ұсынылсын.

4. Бақты ауылдық округінің әкімі Б. Сламбаевқа шектеу белгіленген аймақтан немесе аймаққа ауыл шаруашылығы жануарларын әкелу және осы аймақтан алып кету, ауыл шаруашылығы жануарлары шикізаттарын, өнімдерін дайындау және өткізу, еңбекті ұйымдастыру Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамаларда белгіленген ережелерін сақтай отырып жүргізу т а п с ы р ы л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ж. Байсабыровқа жүктелсін.

6. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар ауданының әкімі

Б. Жанақов

Келісілді:

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
агроөнеркәсіп кешеніндегі
мемлекеттік инспекция Комитетінің
Үржар аудандық аумақтық

инспекциясының бастығы

С. Садвакасов

29 желтоқсан 2011 ж.

Үржар ауданының ішкі

істер бөлімінің бастығы

М. Ішкібаев

29 желтоқсан 2011 ж.